

3 модуль

ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

(XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басы)

5 дәріс. Психологиялық ғылым-білімдердің ірге тасының қалана бастауы

Қазақ топырағында қоғамдық прогресс үшін ғылым-білімнің маңызын ерекше көре білген Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) бүкіл әлемдік өркениет қорынан мейлінше мол сусындаған, жан-жақты білімді, озат ойлы, ерекше дарынды адам еді.

Шоқан еңбектерінде психологиялық мәселелерге байланысты әр түрлі сипаттағы деректер баршылық. Осылардың ішінде басқа мәселелерден көбірек сөз болғаны – халқымыздың ұлттық санасы, оның ішінде өзіндік психологиялық ерекшеліктері туралы мәселе еді.

Шоқан Уәлихановтың пікірінше, халықтардың ұлттық психологиясын көрсететін белгілердің бірі – сол халықтың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиеттері. Ол сөз өнерін халық бойына біткен зор таланттың, керемет қабілеттің, ақындық қуаттың белгісі деп санады. «Халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы, - деп жазды ол, - бәрінен де артық тілден көрініс табады. Өйткені қастерлеу және аңыздарының молдығы – терістік және Орта Азия

көшпелі халықтарының ерекше қасиет. Қазақ тілінде араб тіліндегідей жасама бояу сөздер жоқ, ол нағыз таза тіл».

Оның этнопсихологиялық пікірлерінің бұдан басқа да кейбір келісе бермейтін жақтары бар. Мәселен, ол халқымыздың басты-басты психологиялық ерекшеліктерін (қонақ жайлылық, үлкенді сыйлау) дұрыс көрсете келіп, осы ұлттық мінезде кейбір өзгермейтін, тіпті тұқым қуалайтын жақтары да бар деген пікір айтты.

Шоқанның психологиялық пікірлерінің екінші бір арнасы оның дін жөніндегі толғаныстарымен астарласып жатады. Ғұлама ғалым алғашқы адамның қиялы мен діни сенімдері оның табиғатқа тікелей қатынастарының бейнесі ретінде пайда болғанын айтады. Шоқан психологияда өзіндік теориялық тұжырымдар ғана жасап қоймай, өзін шын мәніндегі практик психолог ретінде де көрсете алды.

Ы. Алтынсарин де Шоқан сияқты арнаулы психологиялық еңбектер жазып қалдырмаған кісі, әйтсе де оның сан алуан ойға толы шығармаларын қоғамдық және педагогикалық психология мәселелеріне орайлас айтылған көптеген қызықты деректер табылады.

Ы. Алтынсарин өз «Хрестоматиясында» жас өспірімдердің жан дүниесін, ақыл-ойын қалыптастыруға ұдайы көңіл бөлу мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп есептеді. Психология ғылымы – адам өмірінде әр түрлі әдеттің алатын орны ерекше екендігін, істеген істің, жүріс-жұтырстың, демалыстың, яғни өмірдің сан алуан саласының қай-қайсысы да біртіндеп ұнамды, не ұнамсыз әдетке айналып отыратындығын, бірақ әдеттің де әдеті бар, яғни адамда

жарамды жақсы әдеттермен қатар жарамсыз, жаман әдеттер де болатындығын ескертеді. Мәселен, салақтық – жаман әдет, одан тәнге де, жанға да пайда жоқ.

Бала жанының зергері Ы. Алтынсарин әңгімелернің бәрі-бәрі де балалардың жас ерекшеліктеріне орай, тілі жеңіл, мазмұны тартымы, олардың жан-дүниесіне әсер етерліктей етіп іріктеліп алынған. Ы. Алтынсариннің тәрбиеші ұстаз, мұғалімдік өнер жөніндегі айтқандарында психологиялық түйіндер аз емес. Ол оқу-тәрбие процесіндегі мұғалім рөліне айрықша маңыз береді, мектеп ісінің сан-саласындағы жетістіктерді мұғалімнің білімі мен іскерлігіне, беделі мен өз жұмысын жан-тәнімен сүйе білуіне байланысты деп түсінеді. «...Қазақ мектептерінің бар келешегі – деп жазды ол, - көбінесе істің қазіргі басталуына байланысты, сондықтан да мен қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін».

Алтынсариннің тәрбиеші ұстаздың жеке басы туралы айтқан пікірлерінің негізгі арқауы – тәлімгерлік жұмыс – өте нәзік, қасиетті іс. Ол ұстаздың өте сезімталдықты, балаға деген сүйіспеншілікті, оның жанын жазбай тануды қажет етеді. Шәкірттерді сүйе білген оқытушы ғана қатаң талапты, әрі өнегелі, беделді тәрбиеші бола алады. Оның қазақ елінің жағдайында айтқан осындай тамаша ой-пікірлеріне ерекше сүйсінесің. Профессор Т.Тәжібаевтың «Қазақстандағы педагогикалық ойдың пионері» деген бағасының тайға таңба басқандай, әділ баға екендіген еш шүбә келтірмейсің. Өйткені басқа пікірлерін былай қойғанның өзінде ардагер

педагогымыздың мұғалім жөнінде айтқан осы пікірлерінің өзі-ақ оны осылау деп атауға толық болатындығын айттырмай дәлелдейді.

Абай Құнанбаев (1845-1904) творчествосында психологияның негізгі мәселесі – жан мен тәннің арақатынасы, адамның психологиялық даму жолындағы тәрбие мен білімнің атқаратын қызметі, сондай-ақ бала психологиясы мен қоғамдық ұлттық психологияның жекелеген мәселелері де көрініс тапқан. Оның психологиялық көзқарастары Аристотель мен әл-Фараби көзқарастарымен астарласып жатады. Оның таным процесіне байланысты материалистік түсініктері аллаға сену мен жанның мәңгілігі туралы ұғымдармен араласып отырады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман – алыңдағы келер заман», т.б. өлеңдерде ақын адамның тәні ғана өледі, ал жаны ешқашан да өлмейді деп тұжырымдайды.

Абай қоршаған ортаның шындығын мойындай отырып, ақыл мен сана еңбек барысында қалыптасатындығы туралы: «Ақыл, ғылым – бұлар кәсіби», - дейді. Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», - деп, Абай адамның ішкі жан-дүниесінің ақыл, сезім және қайрат секілді қуаттарын біртұтас етіп алады. Ойшыл ақын негізгі үш бастау – ақыл, сезім және қайрат арасындағы тартыс арқылы адам мінезінің қарама-қайшалықтарын дұрыс түсіндіреді.

Абайдың психологиялық мәселелерге көзқарасы, ең алдымен, поэзия мен өнердің міндеті – адам өмірін, олардың көңіл-күйі мен іс-әрекеттерін шыншылдықпен көрсете білу деген түсінігіне орай қалыптасқан. Ол поэзия саласындағы талант иелерінің

психологиялық қызметінің ерекшеліктерін, оның даму заңдылықтарын жете зерттеуі керектігіне зор мән берді.

Абай адамның жан-дүниесіне қатысты түрлі ұғымдар мен түсініктердің мәнін айшықты тілмен әсерлі етіп жеткізіп, өлеңдері мен қара сөздері арқылы қазақ халқының қалың бұқарасы арасына психологиялық білімнің таралуына қолайлы жағдай жасады.

Сұтанмахмұт Торайғыровтың (1893-1920) психологиялық пікірлерінің негізгі желісі Қазан төңкерісі алдындағы дала өміріндегі дүрбелеңмен сабақтасып отырған. Сондықтан да оның пәлсапасынан қоғамдағы өзгеріс, жаңа заманның лебі жақсы байқалады. Мәселен, оның таным жайлы пікірінің негізгі түйіні: бізді қоршап тұрған сыртқыдүниенің ұшы-қиыры жоқ, ол сансыз атомдардан тұрады, бұлардың бірі тозып, өшіп жатса, екіншілері жаңадан пайда болып жатады, адамның жан дүниесі де атомдардан тұрады, жан тәннің өзіндік заңдылықтарына орай көрініп отырады деуі – ғылыми тұжырымның жақсы айғағы.

С. Торайғыровтың пікірінше, адам табиғаттың туындысы, ондағы себептіліктің жемісі. Ол дүниенің сырларын біртіндеп ашып, оны шама-шарқынша өзгертіп отыратын белсенді тұлға. Адам сыртқы дүниемен байланыса отыра, оны біртіндеп тани береді, сөйтіп өзінің ақыл-ойын дамытады.

С. Торайғыров қазақ тарихында бірінші болып жан мен тәннің, яғни психика мен мидың ара қатынасы туралы мәселе көтеріп, бұл екеуінің өзара байланысын ғылыми тұрғыдан дұрыс түсіндіреді. Ол жан мен тәннің ылғи да бірлікте, тұтастықта, байланыста болатынын айта келіп:

«Дене азыққа тоюдан жан ер жетер...

Жан ер жетіп, дүниенің сырын табар...», -

деп адамның тәні өсумен қатар жаны, ақыл-ойы сана-сезімі де бірге өсіп жетіліп, дамып отырады дейді. Тән мен жанның қоса өзгеруінің негізін Сұлтанмахмұт тәнде, яғни мида деп түсінеді. Адам өлгеннен кейін онда «қимыл жоқ, сезім жоқ... жек көру жоқ, махаббат жоқ... өмір жоқ, яғни бір сөзбен айтқанда, тәннен бөлінген жанда ешуақытта өмір болмайды», - деп, осы мәселені материалистерше баяндайды.

Ақын шығармаларында жастық шақтың ерекшеліктері «сезімді ыстық жүрек», «дүние мен үшін жаралған», «қайғы алған жоқ жүректің бір бұрышын», т.б. дегендей сөз тіркестермен сипатталып отырады. Сұлтанмахмұттың жігіттік кезеңге байланысты айтатын ойының түйіні, жастық шақ қызығы мен қиыны мәңгі таусымайтын, адам бақытын іздеуде таптырмайтын өте қолайлы кезең, сондықтан да шамаң келгенше осы кезеңде құлашыңды сермеп бақ. Ақын жастық шақта адамның ақыл-ойы интеллектісі өте алғыр, дүниені танып-білуге ұқұмарлығы күшті, сондықтан да осы кезде оқуға, білім алуға ерекше ұмтылу қажет дейді.